

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 қарашадағы N 1086 Қаулысы

Қазақстан Республикасының атом энергетикасын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне 2006 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінен мыналарға қажетті 104700000 (бір жүз төрт миллион жеті жүз мың) теңге бөлінсін:

1) атом электр станцияларын (бұдан әрі - АЭС) салуды негіздеуге техника-экономикалық зерттеулер жүргізуге 40000000 (қырық миллион) теңге, оның ішінде мынадай іс-шаралар бойынша:

20000000 (жиырма миллион) теңге сомасында»"Атом электр станциясын салу жөніндегі халықаралық тәжірибені талдау және қазақстандық атом энергетикасын дамыту бағыттарын таңдау жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу";

20000000 (жиырма миллион) теңге сомасында»"Тұтастай АЭС жобасына қойылатын техникалық талаптарды әзірлеу - реакторлық қондырғы түрін, блоктың бірлі-жарым қуатын, станцияның жиынтық қуатын таңдап алуды негіздеу, пайдалануға беру тәртібі мен мерзіміне, іске қосу және қуат беру схемасына қойылатын талаптар, электр желілік құрылыс көлемін бағалау";

2) атом энергетикасын дамытуды ескере отырып, 2030 жылға дейін энергетикалық теңгерімді әзірлеуге 46200000 (қырық алты миллион екі жүз мың) теңге;

3) Қазақстанда атом энергетика станциясын салуға тендер өткізу ережесі мен тәртібін айқындайтын нормативтік-құқықтық және техникалық құжаттарды әзірлеуге 18500000 (он сегіз миллион бес жүз мың) теңге, оның ішінде мынадай іс-шараларға:

17000000 (он жеті миллион) теңге сомасында»"Қазақстанда АЭС жобалау және салу кезіндегі негізгі көзқарастар мен саясатты айқындайтын қазақстандық АЭС жобасына қойылатын техникалық талаптардың 1-томын әзірлеу";

1500000 (бір миллион бес жүз мың) теңге сомасында "Атом электр станциялары бойынша тендерге қатысуға өтінімдерді ресімдеу жөніндегі әдістемелік нұсқаулар".

2. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңына сәйкес бөлінген қаражатты мақсатты пайдалануды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен қаражаттың пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК